

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
ректоры

А.А. Медьяров

БЕКІТІЛДІ

« 17 » 2016 ж. № 9 хаттама

**6B02171 «ДРАМА ТЕАТРЫ ЖӘНЕ КИНО АРТИСІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

✓ БАКАЛАВРИАТ

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Драма театр актері және режиссура»	6B02171 «Драма театры және кино артисі»	Қазақ	Жалпы орта н/е кәсіптік мектеп және колледж	Жоқ	95 грант және ақылы

ЖАЛПЫ ТАЛАП:

Театр өнері мамандықтарына үміткерлерді іріктеу кезінде олардың кәсіби бейімділігі, табиғи дарыны, шығармашылық потенциалы және интеллектуалдық-дүниетанымдық деңгейі кешенді түрде бағаланады. Сондай-ақ талапкердің музыкалық қабілеті, ырғақты сезіну деңгейі, көркемдік талғамы мен ерік-жігері басты назарға алынады.

Медициналық және кәсіби сипаттағы үміткердің физикалық саулығы, визуалды сахналық тартымдылығы, дикция-артикуляциясының анық болуы мен логопедиялық ақаулары болмауы міндетті болып табылады. Бұған қоса, дауыс тембрінің эстетикалық тартымдылығы мен дененің пластикалық икемділігі кәсіби жарамдылықтың негізгі критерийлері ретінде қарастырылады.

- Талапкер құжаттарды тапсыру үшін алдымен арнайы маманның кеңесінен өтіп рұқсатнама (допуск) алуы керек.
- Рұқсатнама алғаннан кейін талапкер қабылдау комиссиясына қажетті құжаттарды тапсырады.
- Шығармашылық емтиханға қатысу (ән, проза, поэзия, мысал, этюд, би және акробатикалық қозғалыстарды ұзақтығы 2-3 минуттан аспау керек)

I ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН: «АКТЕРЛІК ШЕБЕРЛІК»

Үміткерлер әртүрлі жанрдағы көркем әдеби шығармалар мен үзінділерді мемлекеттік тілде, жатқа орындауға міндетті.

Емтихан бағдарламасы келесі құрылымдық компоненттерден тұрады:

- **Проза:** Отандық немесе әлемдік классикалық әдебиет үлгілерінен (роман, повесть, әңгіме) өз еркімен таңдалған көркем мәтінді мәнерлеп оқу.
- **Поэзия:** Қазақ ақындарының туындыларын немесе әлемдік лириканың қазақ тіліне аударылған үздік өлеңдерін нақышына келтіріп жеткізу.
- **Мысал мен сықақ:** А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, И. Крылов, А. Токмағамбетов сияқты отандық және шетелдік авторлардың мысалдары мен сатиралық шығармаларын орындау.
- **Би және акробатика:** Әлем халықтарының билері, классикалық (вальс), заманауи немесе спорттық би бағыттарын және акробатикалық элементтерді көрсету.
- **Вокалдық орындау (Жеке ән):** Талапкердің таңдауы бойынша халық әндерін, дәстүрлі композиторлардың мұрасын немесе заманауи эстрадалық туындыларды жанды дауыста орындау.
- **Актёрлік этюд:** Қоршаған ортаны (жан-жануарлар, жансыз заттарды, тұрмыстық жағдайларды) шынайы әрі сенімді кейіптеу. Осы кезеңде талапкердің қимыл-қозғалыс координациясы, ырғақ сезімі, импровизациялық қабілеті, зейіні, жедел реакциясы және берілген шартты жағдаятқа психоэмоционалдық бейімделу деңгейі бағаланады.

Комиссия талап еткен жағдайда талапкерге қосымша акробатикалық элементтер, аспапта ойнау, этюд т.б. тапсырмалар болуы мүмкін.

II ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН: «КОЛЛОКВИУМ»

Бұл кезең үміткерлердің теориялық дайындығын, интеллектуалдық деңгейін, дүниетанымы мен эстетикалық талғамын бағалауға бағытталған. Сынақ келесі ережелерге сәйкес өткізіледі:

- **Емтихан форматы:** Талапкер 1-ден 30-ға дейінгі нөмірленген емтихан билеттерінің бірін таңдайды. Әр билет үш құрылымдық сұрақтан тұрады.
- **Сұрақтардың мазмұны:** Сұрақтар отандық және әлемдік театр өнерінің, әдебиетінің және жалпы мәдениет тарихының негізгі кезеңдері мен өзекті мәселелерін қамтиды.
- **Қойылатын талаптар:** Үміткер қойылған сұрақтардың барлығына дәлелді, жүйелі және мазмұнды жауап беруі міндетті. Комиссия мүшелерінің шешімі бойынша талапкердің шығармашылық ой-өрісін тереңірек анықтау мақсатында қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.
- **Регламент:** Ойды жинақтау және жауапқа дайындалу үшін үміткерге 4–6 минут уақыт бөлінеді. Толық дайын болған жағдайда, талапкер дайындық уақытын күтпей-ақ бірден жауап беруге құқылы.

ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛЫҚ (ЕСКЕРТПЕ):

1. **Техникалық шектеулер:** Емтихан процесі кезінде кез-келген байланыс және ақпарат тарату құралдарын (ұялы телефондар, цифрлық бейнекамералар, смарт-сағаттар және т.б. электронды гаджеттер) пайдалануға қатаң тыйым салынады.
2. **Сүйемелдеу құралдары:** Тікелей өнер көрсету барысында үміткерлердің концертмейстер қызметіне жүгінуге немесе қосымша аудиокұралдарды (цифрлық тасымалдағыштардағы фонограммалар, музыкалық аспаптар және т.б.) қолдануға құқығы бар.
3. **Техникалық қауіпсіздік:** Хореографиялық (би), акробатикалық элементтерді және өзге де белсенді қимыл-қозғалысқа негізделген тапсырмаларды орындау кезінде жарақаттанудың алдын алу мақсатында қауіпсіздік техникасы ережелерін мұқият сақтау керек.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАННЫҢ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> <i>шығармашылық</i> <i>емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>I</i> <i>шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> <i>шығармашылық</i> <i>емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық</i> <i>емтихан</i>
45-50	Емтихан бағдарламасын толық, сапалы, талапқа сай сенімді, шынайы және өте жоғары деңгейде көрсете білген талапкерге қойылады;	45-50	Билеттегі сұрақтарға толық жауап бере отырып, өзінің интеллектуалдық деңгейін, дүниетанымы мен эстетикалық талғамын көрсете білген жағдайда бағаланады;
40-44	Емтихан талаптарын толық орындағанымен шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлықтарын көркемдік деңгейде аша алмаған және автор ойын толық жеткізе алмаған жағдайда бағаланады;	40-44	Талапкер билеттегі үш сұраққа толығымен өте жоғары деңгейде, сауатты жауап бере алған жағдайда бағаланады;
35-39	Талапкер емтихан бағдарламасын толық орындағанымен оқыған материалдарына сенімі жеткіліксіз, көру, сезіне білу қабілеті, мәтін мен пластикасының қойылған талапқа толық сай болмаған жағдайда қойылады;	35-39	Билеттегі сұрақтардың 80%-на және қосымша қойылған сұрақтарға жауап бере алған жағдайда бағаланады;
30-34	Емтихан бағдарламасын орындағанымен актерлік шеберлігі мүмкіндігін пайдалана алмай, өзіне сенімсіз, шынайы деңгейде емес, шығармалардың көркемдік орындалу деңгейі әсерлі емес, жігерсіз болған жағдайда бағаланады;	30-34	Билеттегі және қосымша сұрақтарға қанағаттанарлық жауап бергенімен білім деңгейін жан-жақты толық көрсете алмаған жағдайда бағаланады;
25-29	Шығарманың көркемдік ой-жүйесін толық жеткізе алмаса, оқу барысында жаңылулар болса, этюдтардағы әрекет желісі қисынсыз, сенімсіз болса, қимыл-әрекеттері музыка ырғағына дұрыс бағынбаса, дауыс күші әлсіз болған жағдайда бағаланады;	25-29	Билеттегі және қосымша сұрақтардың 60%-на жауап бергенімен, емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толық көрсете алмаған жағдайда бағаланады;
20-24	Талапкердің жалпы дайындық деңгейі орташа. Шығармада баяндалатын оқиғаға сенімі талаптан төмен, орындау барысында әртүрлі қателікке бой алдырып, берілген уақытты тиімді пайдалана алмай,	20-24	Сұрақтардың 50%-на жауап бере алмай, бірақ қосымша сұрақтарға жүйелі, қанағаттанарлық жауап берген жағдайда бағаланады;
	мүмкіндігін толық көрсете алмаған жағдайда бағаланады;		


15-19	Талапкер оқыған шығармаларына, жасаған этюдтарына сенбесе немесе ұмытып қалса, сөздерінен жиі жаңылса, сөз дыбыстарын таза айтпаса, би, қимыл-қозғалысы өлшем-ырғақтарына бағынбай сауатсыз жұмыс көрсеткен жағдайда бағаланады;	15-19	Сұрақтарға жүйесіз, пашыраңқы жауап беріп, қосымша қойылған сұрақтарға да толық жауап бере алмаған жағдайда бағаланады;
10-14	Үміткердің оқитын материалдары талапқа сай болмаса, сөйлеу аппаратында табиғи кемшілігі бар болса, музыкалық қабілеті төмен, өлшем-ырғақты толық дәрежеде сезінбеген жағдайда бағаланады;	10-14	Сұрақтарға қанағаттанарлық жауап бере алмаса және қосымша қойылған сұрақтарға нақтылай жауап бере алмай, театр, өнер саласы бойынша білім деңгейі төмен болған жағдайда бағаланады;
5-9	Талапкердің дайындығы емтихан талаптарына өте төмен болған жағдайда бағаланады;	5-9	Негізгі және қосымша сұрақтарға толық жауап бере алмай, театр, өнер саласы бойынша білім деңгейі өте төмен болған жағдайда бағаланады;
0-4	Үміткердің дайындығы емтихан талабына мүлде сай емес, материалдардың көркемдік сапасы төмен, мәтінді жатқа білмеген жағдайда қойылады. Бұл талапкер екінші шығармашылық емтиханға жіберілмейді;	0-4	Бірде бір сұраққа мүлде жауап бере алмаса, емтиханнан өтпейді;

Байланыс ақпараты:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: **theatrical_fka@mail.ru**

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: **Kaznui.priem@gmail.com**

Факультет деканы: Биримкулов Ернияз Рыскулович



Кафедра меңгерушісі: Маликова Асель Маликқызы

